Әділет

# Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 мамырдағы № 509 Қаулысы

«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы Заңына, «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне осы қаулыға қосымшаға сәйкес сот актілерін орындау үшін 2011 жылға арналған республикалық бюджетте соттардың шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 3637923 (үш миллион алты жүз отыз жеті мың тоғыз жүз жиырма үш) теңге бөлінсін.

2. Зиян келтірген мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен оқшауландырылған қаражатты өтеу жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 мамырдағы № 509 қаулысына қосымша

## Орындауға жататын сот актілерінің тізбесі

| Р/с № | Сот органының атауы және шешім шығарылған күн | Талапкер | Мемлекет кірісіне мемлекеттік баж шегерілген сома (теңге) | Өндіріп алушының пайдасына мемлекетті баж (теңге) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының 1997 жылғы 14 тамыздағы шешімі, Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының 2002 жылғы 8 наурыздағы ұйғарымы, Алматы қалалық соты қадағалау алқасының 2004 жылғы 23 ақпандағы | Е.И. Пак | 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қаулысы, Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2007 жылғы 14 қыркүйектегі ұйғарымы | | наурызды қоса алғандағы кезеңде - 17280 | |
| 2 | Қарағанды облысы Теміртау қалалық сотының 2009 жылғы 26 мамырдағы шешімі, Қарағанды облыстық соты азаматтық істер жөніндегі алқасының 2009 жылғы 8 шілдедегі қаулысы, Қарағанды облысы Теміртау қалалық сотының 2009 жылғы 9 қазандағы шешімі, Қарағанды облыстық соты азаматтық істер жөніндегі алқасының 2009 жылғы 9 желтоқсандағы қаулысы, Қарағанды облысы Теміртау қалалық сотының 2010 жылғы 28 мамырдағы ұйғарымы | Г.К. Закиров | 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 наурызды қоса алғандағы кезеңде - 36951 | |
| 3 | Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2003 жылғы 15 қыркүйектегі шешімі, Астана қаласының соты азаматтық істері жөніндегі алқасының 2003 жылғы 9 желтоқсандағы қаулысы, Астана қаласының соты қадағалау алқасының 2005 жылғы 30 маусымдағы қаулысы | Ф.М. Каримов | 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 наурызды қоса алғандағы кезеңде - 93732 | |
| 4 | Қостанай облысының Қостанай қаласы № 2 сотының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі қаулысы, Қостанай облысының Қостанай қаласы № 2 сотының 2010 жылғы 13 қазандағы қаулысы | Б.З. Жұмабаев | 218053 | |
| 5 | Қостанай қалалық сотының 2007 жылғы 24 мамырдағы шешімі, Қостанай облыстық соты азаматтық істері жөніндегі алқасының 2007 жылғы 16 шілдедегі қаулысы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты қадағалау алқасының 2008 жылғы 3 шілдедегі қаулысы, Қостанай облыстық соты азаматтық істері жөніндегі алқасының 2008 жылғы 29 қыркүйектегі қаулысы | Т.С. Болатова | 297125 | |
| 6 | Қостанай қалалық сотының 2007 жылғы 24 мамырдағы шешімі, Қостанай облыстық соты азаматтық істері жөніндегі алқасының 2007 жылғы 16 шілдедегі қаулысы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты қадағалау алқасының 2008 жылғы 3 шілдедегі қаулысы, | «Центр Кредит Банкі» АҚ | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Қостанай облыстық соты азаматтық істері жөніндегі алқасының 2008 жылғы 29 қыркүйектегі қаулысы | | 2674134 | |
| 7 | Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2010 жылғы 1 наурыздағы шешімі, Астана қаласының соты аппеляциялық сот алқасының 2010 жылғы 21 сәуірдегі қаулысы, Астана қаласының соты кассациялық алқасының 2010 жылғы 10 маусымдағы қаулысы | Я.В. Сафронович | 300000 | 648 |
| Жиыны: 3637275 648 | | | | |
| Жалпы сомасы: 3637923 | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК